

ХАТТАМА № 7

Уақыты: “3” ақпан 2025 жыл

Қатысқандар: Тайтөбе ауылының учаскелік полиция инспекторы Мұратхан Бекболат, орта сынып оқушылары;

Күн тәртібінде:

- Кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу;
- Жасөспірімдер арасындағы тәртіпсіздіктің (бұзақылық, мектеп мүлкін бұлдіру, түнгі уақытта көшеде жүру) алдын алу.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Тайтөбе ауылының учаскелік полиция инспекторы Мұратхан Бекболат сөз сөйледі. Ол орта сынып оқушыларымен кездесіп, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері туралы егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті. Инспектор әрбір баланың Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын құқықтары бар екенін (білім алу, қауіпсіз ортада өмір сүру, денсаулығын қорғау) айта келе, құқықпен бірге үлкен жауапкершілік пен міндеттердің де қатар жүретінін ескертті.

Мұратхан Бекболат өз сөзінде мынадай маңызды құқықтық талаптарға тоқталды:

- ✓ Түнгі уақыттағы шектеулер: Заң бойынша кәмелетке толмағандардың кешкі сағат 22:00-ден кейін заңды өкілдерінсіз (ата-анасынсыз) ойын-сауық орындарында, ал сағат 23:00-ден кейін көшеде және үйден тыс жерде жүруіне тыйым салынатынын, бұл ережені бұзған жағдайда ата-аналарға әкімшілік шара қолданылатынын ескертті.
- ✓ Мектепшілік тәртіп: Оқушылар арасындағы ұсақ бұзақылықтар, сыныптастарын қорқыту (буллинг), қоғамдық орындарда балағат сөздер айту және мектеп мүлкіне зиян келтіру (вандализм) заң алдында жауапкершілікке әкеп соғатынын нақты мысалдармен түсіндірді.
- ✓ Құқықтық сауаттылық: Жасөспірімдерге кез келген қиын жағдайда, құқықтары бұзылған сәтте мектеп әкімшілігіне, психологтарға немесе полицияға қымсынбай хабарласу керектігін айтты.

Кездесу барысында орта сынып оқушылары өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, учаскелік инспектордан заң аясында тұщымды жауаптар алды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ауыл балаларының қауіпсіздігі мен тәрбиесіне тұрақты үлес қосып жүрген инспектор М. Бекболатқа алғыс білдірді.

Шешімі:

- Сынып жетекшілері орта сынып оқушыларының арасында «Мен және заң», «Менің құқығым мен міндетім» тақырыптарында ақпараттық сынып сағаттарын өткізіп, ережелерді бекітсін;
- Оқушылардың түнгі уақытта көшеде заңсыз жүруін болдырмау мақсатында ауыл ішінде бірлескен кешкі рейдтік шаралар тұрақты ұйымдастырылсын;

Хатшы  Жакыбаева Г.Н.